

Бекітілген:
30.11.23.
[Signature]

«Ертөстік» бөбекжай-бақшасы»

Баяндама

«Дене шынықтыру іс- әрекетінде инновациялық әдіс
тәсілдерді тиімді қолдану»

Дайындаған: дене шынықтыру нұсқаушысы Аманкосова Д
2023 жыл желтоқсан

Дене шынықтыру оқу қызметінде инновациялық әдіс тәсілдерді тиімді қолдану

Президент Қасым Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында ұлт денсаулығын нығайту, халықтың барлық жас топтары арасында бұқаралық спортты дамыту мәселелеріне ерекше назар аударады.

Елбасы адам денсаулығының тек

Қазақтың кемеңгер ақыны ұлттың бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесін зор көңіл бөлген. Мағжан Жұмабаев «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы, құралы мықты болса, иесі де мықты. Сау жан сау денеде ғана болады.» деген.

Сондықтанда бүлдіршіндер агзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу балабақшаның негізгі мақсаты мен міндеті.

Баланың ынтасын ояту үшін оқытатын сәрседі жаңалық болуы керек деген Ж.Аймауытов.

Жаңа әдістерді пайдалануда өзіміз қолданып жүрген әдістерді жаңа жағдайға бейімдей пайдалануымыз керек.

Баланың денсаулығын сақтау және нығайту, нүктелі массаж және майтабандылыққа арналған жаттығуларды жасауға балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Жаңа инновациялық технологиялар бойынша балалар Порфирий Ивановтың әдістерін күнделікті шынықтыру шараларында пайдалануы керек.

Балалар жалаң аяқ тұзды суға салынған алаша бойымен жүріп өту.

Жалаң аяқ жүру;

Қабырғалы тақтай үстімен және қиыршық тастар үстімен жүру.

Ашық су қоймасында шомылдыру.

Денені ылғалды сүлгімен ысқылап сүрту.

Дәстүрден тыс әдістерді пайдалану.

Бұл дегеніміз балаларды қызықтыру үшін және ойындарды қызықты ету үшін жаңа жабдықтар жасау. Ол үшін не керек?

Ешқандай шығын келтірмейтін, қауіпсіз, күнделікті қолданыстағы қол жетімді заттарды пайдаланамыз. Мысалы: скоч, қарандаш, картон, пластикалық бөтелкелер, газет. Жабдықтар біріншіден балаға қауіпсіз болуы керек. Өткір, үшкір бөліктері болмауы керек. Бұл жаңа жабдықтардың пайдасы балаға қызықты әрі педагогқа ерекше ізденіс, талпыныс, өз жұмысына деген қызығушылығын арттырады. Және әр оқу қызметін шаршамай өткізу, нұсқаушының ынтасының артуына көмектеседі. Баламен бірге нұсқаушы да жақсы әсер алады. Әр сабаққа жаңа элементтер енгізеді.

«Күлкілі қарындаштар»

Пайдаланбайтын қарандаштардан кілемше жасадым.

Толстой: бала тек өзіне қызықты болған кезде ғана айналысады дейді.

Пластик ыдысты жоғары жағын кесіп, баланың арқасына асу үшін жіп байлап, түсіне қарай кішкентай шарлар салу.

Дене шынықтыру оқу-қызметінде инновациялық әдістерді тиімді пайдалану.



Тірек



арқылы



жүру

15.12.2023ж



Дайындалған: дене шынықтыру нұсқаушысы Д. Аманкосова